

## 1-Дәріс

### Шикізат, иіру өндірісінің негізгі этаптары. Макта және химиялық талшықтарды иіру жүйесі. 1 кезең.

Иіру өндірісінде құрамы, құрылысы және тағайындалуы әртүрлі иірімжіптерді өндіреді. Иіру өндірісі деп – табиғи және химиялық талшықтардан иірімжіп құрастыруды қамтамасыз ететін механикалық технологиялық процесстердің жиынтығын айтады.

Иірімжіп деп салыстырмалы қысқа талшықтарды бұрау немесе желімдеу арқылы біріктірген ұзын ұзындықты және көлденең қимасы кіші жіпті айтады.

Иірімжіп дайындау үшін табиғи текстиль талшықтарын, штапельді химиялық талшықтарды элементарлы химиялық жіптердің жгуттарын қолданады.

Иірімжіптің геометриялық қасиеттері, оның құрылымы (талшықтардың орналасуы, ширатылуы) және физикалық қасиеттері талшықтардың қасиеттеріне ғана емес, сондай-ақ иіру жүйесіне де байланысты. Иіру жүйесі иірімжіп өндірісінде қолданылатын технологиялық процесстер мен машиналардың жиынтығымен анықталады. Иіру жүйелерін талшықты материалдарды тарау әдісіне (шөткелі тарау немесе тарақты тарау) және талшықтар ағының жіңішкелету (бөлу немесе созу) әдісіне байланысты жіктейді.

Макта иіру өндірісінде макта талшығын және оның химиялық талшықтармен қоспасын өндіру үшін екі иіру жүйесін қолданады: шөткелі және тарақты. Шөткелі иіру жүйесінде талшықты материалды тарау қалпақты тарау машинасында, ал өнімді жіңішкелету – тарту аспабында орындалады. Тарақты иіру жүйесінде талшықты тарау қалпақты шөткелі және тарақты тарау машиналарында, өнімді жіңішкелету – тарту аспабында орындалады.

Жүниіру өндірісінде таза жүн және жартылай жүн талшықтарын өңдеу үшін иірудің 3 жүйесін қолданады – аппаратты, тарақты (мәуітті) және шөткелі. Аппаратты иіру жүйесінде талшықтарды тарау білікті шөткелі тарау машинасында, жартылай фабрикаттарды жіңішкелету бөлу әдісі арқылы – шөткелі тарау аппараттарының созба кареткаларында және тарту – иіру машиналарында жүргізіледі.

Иіру өндірісінің схемасы талшықтардың барлық түрлері үшін негізінен бірдей болып келеді. Иіру өндірісі 3 негізгі кезеңнен тұрады:

1. текстиль талшықтарын иіруге дайындау – таспа дайындау;
2. алдын-ала иіру – созба дайындау;
3. иіру – иірімжіп дайындау.

Әрбір иіру жүйесінде иірімжіпті иірудің белгіленген бір жоспары бойынша дайындайды. Иіру жоспары деп жартылай фабрикаттын сызықтық тығыздығы, тартылысы және қабат саны бойынша белгілі бір жиынтықты айтады.

Бақылау сұрақтары;

1. Таспаларды бояу, сипау, тегістеу, жуу және кептіру. Бұған қандай құрал-жабдықтар қолданылады, маркалары, қалдық түрлері.

2. Трикотаж машинасында қандай 10 процесс қолданылады?

3. Холстытың № холст = 0,0025;  $V_{\text{вып}} = 10$  м/мин болса, Т-16 түту машинасының Ртеор өнімділігін есептеңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқыма материалтану негіздері / Оқулық. – Алматы, 2021
2. Сейтқасымов С.Қ. «Тоқыма өндірісі». – Алматы: Білім, 2020

3. Текстильное материаловедение. – Москва: Легпром, 2022
4. Сапарова Л.М. «Тоқыма өнеркәсібі технологиясы» – 2023
5. Интернет-ресурстар: Textile Learner, Textile School, ScienceDirect (2020–2025)